



Коммерциялық емес
акционерлік қоғам

**АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТИ**

**Менеджмент және
кәсіпкерлік кафедрасы**

ТЕОРИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРАКТИКА
пәнінен семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Алматы 2019

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Е.М. Нұрпейіс. Теориялық экономика және экономикалық практика пәнінен семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау - Алматы: АЭЖБУ, 2019. - 37 б.

Әдістемелік нұсқау семестрлік жұмыс тапсырмаларынан және оларды орындауға әдістемелік ұсыныстардан тұрады. Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған.

Пікір жазушы: э.ғ.к., доцент Түзелбаев Б.И.

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2019 жылғы баспа жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2019.

Кіріспе

Суденттердің аудиториялық оқудан тыс өзіндік жұмыс орындауына курстың өзекті мәселелерін өздігінен түсініп оқу мен меңгерудің тиімді формалары болып табылатын семестрлік жұмыстарды орындауға оған елеулі көңіл бөлінген. Семестрлік жұмыстарды орындау кезінде студенттерде теориялық экономиканың маңызды және анағұрлым түйіні шешілмеген күрделі мәселелерді өздігінен зерттеп ой елегінен өткізу, ғылыми әдебиеттермен танысу, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларға шолу жасау, статистикалық материалдарға сараптама жасау арқылы өзіндік ұстаным қабілеті қалыптасады. Семестрлік жұмысты орындауда ұлттық, аймақтық және әлемдік экономикада қалыптасқан экономикалық көзқарастар жетістіктеріне сыни (критический) көзқараспен қарап, нарықтық экономиканың артықшылығы мен кемшілігіне теориялық тұрғыдан көз жеткізу қабілеті шыңдалады.

Сонымен қатар, семестрлік жұмыс тапсырмаларын орындаудың мақсаты: студенттерге әдебиеттер, интернет ресурстар, ғылыми мақалаларды оқып өздігінен жұмыс жасауды, жинақтаған материалдарды қорытындылауды және конспект жасауды, статистикалық және нақты теориялық материалдарды жинау мен талдауды, ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасау, жұмысты дұрыс рәсімдеуді, зерттеліп отырған мәселені логикалық ретімен жазбаша дұрыс жеткізуге дағдылап ғылыми еңбек жазуға бейімдеу болып табылады.

Семестрлік жұмысты табысты орындау көп жағдайда, студенттердің осы семестрлік жұмысты орындауға қойылған негізгі талаптарды, оны орындау кезіндегі жұмыс тәртібін қаншалықты ретін сақтағанына және де ізденісі мен ниетіне байланысты. Сапалы жұмыс жазу, жұмыс жоспарын дұрыс құра білуге, қажетті экономикалық әдебиеттерді таңдау мен оқуға, статистикалық және теориялық материалды өңдей білуге тәуелді. Сонымен қатар жұмыс текстін дұрыс қалыптастыру және соған сай мазмұнын дұрыс рәсімдей білуде. Осы әдістемелік нұсқау студенттерді ғылыми жұмыстарды жазу мен рәсімдеудің ережелерін сақтауды үйретуге бағытталған. Семестрлік жұмыс қорытынды бақылау формасы ретінде қарастырылады және оқудың өзіндік ізденіс түріне жатады. Оны орындау студенттердің дербес зерттеу шеберлігін демонстрациялау мүмкіндігін береді. Семестрлік жұмыс есептер мен жаттығуларды орындау тапсырмаларынан тұрады. Экономикадағы логикалық есептер шығарумен жаттығуларды орындау және рефераттар жазу экономикалық білім алудың құрамдас бөлігіне жатады. Қарапайым экономикалық есепті шығарудың өзі экономика теориясындағы концепциялар мен үлгілерді пайдалана отырып жыйнаған материалдарды тиімді меңгеруге жетелейді оларсыз тапсырманы орындау мүмкін емес. Логикалық есептерді шығару, студенттерден белгілі бір теориялық дайындықтарды талап етеді. Семестрлік жұмысты орындау теориялық оқу процесінде қордаланған

теориялық білімді жүйелеуге оны мықтап санаға бекітуге экономиканың нақты жағдайын ескере отырып ғалымдар ұстанымы мен өз ойын қорытындылауға үйретеді.

Семестрлік жұмыстың табысты әрі жүйелі орындалуы көбінесе студенттердің семестрлік жұмысты орындауға қойылған басты талаптарды қатаң сақтауымен оны түсініп ретімен орындауына тәуелді. Бұл әдістемелік нұсқаудың мақсаты студенттерді ғылыми еңбек жазу ережелерімен таныстыру және жұмыстың іші-сыртын мемлекеттік стандартқа сай толтыруға баулу. Жұмыстың сауатты әрі мазмұнды орындалуы студенттің өздігінен зерттеу ізденістік қабілетіне, оқытушы кеңесін ескергеніне және әдістемелік нұсқаудағы талаптарды орындауына тәуелді.

1 Тақырыпты таңдау және семестрлік жұмысты өткізу кестесі (графикі)

Теориялық экономика және экономикалық практика пәнінен студенттерге екі семестрлік жұмыс орындау жүктелген.

№1 семестрлік жұмыс реферат түрінде орындалады. №1 семестрлік жұмыс тақырыбы төменде берілген тақырыптардан сынақ кітапшасының соңғы екі цифры бойынша алынады. Айталық, сынақ кітапшасының шифрындағы соңғы екі цифр 16 болатын болса, онда семестрлік жұмыстың тақырыбынан №16-тақырып алынады. Сол сияқты 36; 46; 56; 66; 76; 86; 96 нөмірдегі тақырыптардың біреуін алуға да болады. Немесе, академиялық топ старостасының пән оқытушысына ұсынған тізімі бойынша да таңдауға болады. Мысалы, академиялық топ журнал тізімінде студент бесінші болып тұрса, онда ол семестрлік жұмыс тақырыптары арасынан 5; 35; 45; 55; 65; 75; 85; 95 өзіне қолайлысын алуына болады. Тақырыптың реттік нөмірі нұсқа (варианты) болып саналады.

№2 семестрлік жұмыс есептеу сызбалық (графикалық) жұмыстан тұрады. Ол логикалық есептер мен жаттығулар орындаудан қамтыған. Нұсқа (вариант) тәлімгер тегінің бірінші әріпі бойынша төмендегі берілген кесте бойынша таңдалады.

Ата тектің бірінші әріпі	Нұсқа №	Ата тектің бірінші әріпі	Нұсқа №	Ата тектің бірінші әріпі	Нұсқа №
А	Нұсқа №1	Ж	Нұсқа №8	Н,Х	Нұсқа №15
Ә	Нұсқа №2	И,Э	Нұсқа №9	Ө,І	Нұсқа №16
Б	Нұсқа №3	З,Ш	Нұсқа №10	П,Ы	Нұсқа №47
В,Я	Нұсқа №4	К,Ч	Нұсқа №11	Р,У	Нұсқа №18
Г,Ғ	Нұсқа №5	Қ,Ф	Нұсқа №12	С	Нұсқа №19
Д,Ю	Нұсқа №6	Л,Һ	Нұсқа №13	Т,У	Нұсқа №20
Е	Нұсқа №7	М,Ц	Нұсқа №14	Ұ,О	Нұсқа №21

Тәлімгер оқытушыға семестрлік жұмысты тексеруге өткізу кестесін сақтауға міндетті. Жұмысты сапалы орындау мен өткізу кестесін сақтау аттестациялау мен емтиханға жіберудің басты шарты және талабы болып саналады. Семестрлік жұмысты өткізу кестесі кафедрада мақұлданады және оқытушы сабақтың (оқудың) бірінші аптасында тәлімгерлерге ауызша жеткізеді, хабарлайды. Семестрлік жұмыстың өткізу кестесін сақтамағандардың бағасы төмендетіледі, ал семестр ішінде жұмысты өткізбегендер емтиханға жіберілмейді.

2 №1 семестрлік жұмысты орындауға арналған реферат тақырыптары

Ескерту - Егер потокта екі факультеттің студенттері отыратын болса (ЭЭФ мен ЖЭФ), онда «А» семестрлік жұмыс тақырыптарын электр энергетика факультеттерінің студенттері алады. «В» семестрлік жұмыс тақырыптарын жылу энергетика факультеттерінің студенттері алады. Бұл «А» және «В» жұмыс тақырыптарын таңдау пән оқытушысымен келісіледі.

«А» семестрлік жұмыс тақырыптары.

1. Экономикалық мектептердің теориялық экономика және экономикалық практика пәніне әртүрлі трактовкалары.
2. Экономиканы ұйымдастыру ережелері мен теориялық экономика пәні.
3. Ғылыми абстракция және экономикалық категориялар мен заңдар.
4. Игілік сиректігі мен өндіріс.
5. Шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану әдістері.
6. Материалды өндіріс пен өндіріс емес сала арақатынасы.
7. Пайдалы шек теориясы (Теория предельной полезности): пайда болуы, мәні, дамуы.
8. Ақшаның экономикадағы ролі мен функциясы.
9. Сұраныс пен ұсыныс заңы нарық механизмі ретінде.
10. Сұраныс пен ұсыныс икемділігі және оларға ықпал етуші факторлар.
11. Сұраныс икемділігі мен өндірушілер бәсекесі.
13. Баға оның үйлестіруші ролі.
14. Сұраныс пен ұсынысқа бағадан тыс ықпал етуші факторлар.
15. Венчурлік кәсіпкерлік: заманауи экономикадағы ролі мен даму проблемалары.
16. Нарықтық экономикадағы мемлекеттік кәсіпкерлік.
17. Жарнама әдістері мен мақсаттары.
18. Монополиялық пайда: мәні, қайнар көздері, шегарасы.
19. Аудит бизнестің ажырамас бөлігі ретінде.
20. Экономика өсу типтері: экстенсивтік, интенсивтік және инновациялық.

21. Ивестицияның макроэкономика дамудағы ролі.
22. Бюджет тапшылығы және инфляциялық салықтар.
23. Мемлекеттердің әлеуметтік қорғау жүйелері: генезисі мен эволюциясы.
24. Адами капитал миграциясының заманауи проблемалары.
25. Қазақстан, Ресей және Белорусия кеден одағы оның мәні мен болашағы.
26. Экономиканы реформалаудағы меншіктің орны.
27. Игілік сиректігі және оның өндіріс тиімділігіне ықпалы.
28. Адамдар қажеттілігі, оның түрлері мен қанағаттандыру жолдары.
29. Ақпарат өндіріс факторы ретінде.
30. Қоғам экономикасы дамуындағы жекеменшік.
32. Мемлекеттік меншіктің нарықтық экономикадағы ролі мен мәні.
33. Жекешелендірудің әртүрлі нұсқаларының артықшылығы мен кемшіліктері.
34. Тауар шаруашылығының пайда болуы оның дамуы мен қалыптасуы.
35. Электронды ақшалар олардың түрлері мен даму динамикасы.
36. Нарықтық экономиканың пайда болу шарттары мен ережелері.
38. Шағын бизнес сипаттары, артықшылығы, шетел тәжірибелері мен ҚР қалыптастыру мәселелері.
39. Менеджменттің ұлттық стилі.
40. Менеджменттің жапондық, америкадық үлгілері.
41. Нарықтық экономиканың әлеуметтік бағыттағы үлгілері.
42. А.Смиттің «көрінбейтін қол» теориясы мен қажеттілікті қанағаттандырудағы жетілген бәсеке.
43. Монополия формалары және оның эволюциясы.
44. Бизнес жоспар – фирма жетістіктерінің негізі ретінде.
45. Жалақы оның түрлері: ұжымдық келісім шарт әлеуметтік қорғау формасы ретінде.
46. Жер рентасы және оның түрлері.
47. Әртүрлі экономикалық мектеп өкілдерінің ақша мәні мен міндеттеріне баламалы трактовкалары.
48. Ақша нарығында макроэкономикалық тепе-теңдікті қамтамасыз етудің әдістері.
49. Экономика өсу тұсындағы ақша сұранысына меркантилистер мен жаңа классиктер теориясы.
50. Қарыз пайызының динамикасы және оны анықтаушы факторлар.
51. Бағалы қағаздар нарығы: ұғымы, пайда болу себептері, субъекттері.
52. Қор биржасы.
53. ҚР-дың өтпелі экономика тұсындағы ақша-несие ұстанымының заманауи ерекшеліктері.
55. Инфляцияның монетарлық теориясы.
56. Инфляция жағдайында халықтың табысын индексациялау әдістері.

57. Инфляциялық салықтар мен бюджет тапшылығының арақатынасы.
58. Қаржы қатынастарының субъектілері және жүйелері.
59. Мемлекеттік реттеудің қазыналық саясаты.
60. Салық және дотацияның өзара тәуелділігі.
61. Бюджеттен тыс қорлар мен төлемдер: жиналуы мен қолдану механизмдері.
62. Экономиканы реттеудің шетелдік тәжірибелері.
63. Мемлекеттің экономиканы баға, тариф, салық механизмдері арқылы реттеуі.
65. Дамыған индустриалды елдердің кедейлікпен күресу бағдарламалары.
66. Кедейлік түрлері мен кедейлік белгілері, күнкөрістің төменгі шегі.
67. Абсолютті және салыстырмалы кедейлік, материалды жоқшылық пен рухани азғындық.
68. Халықты әлеуметтік қорғау жүйелерінің генезисі мен эволюциясы.
69. Әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономиканың концепциялары.
70. Әлемдік шарушылық қалыптасуының ережелері мен экономикалық ынтымақтастықтар.
71. Заманауи әлемдік шаруашылықтың аймақтық нарығы.
72. ҚР әлемдік экономикалық ынтымақтастыққа мүшелігі оның артықшылығы мен кемшіліктері.
73. Төлем баланстар мен валюталық бағамды реттеудің концепциялары.
74. Валюталық интервенциялардың механизмдері.
75. Әлемнің алтын нарығы. Алтын аукциондар.
76. Еуровалюта нарығындағы операциялар.
77. Валюта конвертациялау механизмдері және дамыған елдердің жетістіктері мен тәжірибелері.
78. ХВҚ-ның әлемдік және аймақтық валюталардың тұрақтылығын қалыптастырудағы рөлі.
79. Есеп айрысудың халықаралық формалары.
80. ТМД елдері арасындағы есеп айрысудан туындалатын келеңсіздіктер мен дискриминация және оның шешу жолдары.
81. ҚР-дың экономикалық және саяси қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттің ұстанымы.
82. Экономикалық өсу: ұғымы, факторлары, типтері.
83. Экономикалық цикл және оның фазалары.
84. Экономикалық дағдарыс, оның белгілері мен түрлері.
85. Жұмыссыздық: мәні, себептері, факторлары, түрлері. Жұмыссыздық көрсеткіштері.
86. Жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық зардаптары. А.Оукен заңы.
87. Инфляция: мәні, себептері мен факторлары. Инфляция өлшемдері.

88. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптары. Мемлекеттің антиинфляциялық ұстанымы.

89. Мемлекеттік бюджет ұлттық табысты қайта бөлу құралы ретінде. Бюджет кірістері мен шығыстары.

90. Бюджет тапшылығы: оның пайда болуы мен қаржыландыру әдістері.

91. Мемлекеттік қарыз және оның экономикалық зардаптары мен ел тәуелсіздігіне қауіпі.

92. Салықтар: мәні, функциясы, түрлері. Салық ставкалары. Лаффер қисығы.

93. Ақша жүйесі оның элементтері мен типтері. Ақша массасы және оның өлшендері.

94. Несие: мәні, формалары мен функциясы.

95. Сыртқы сауданың қажеттілігі. Еңбектің халықаралық бөлінісі дамуының бағыттары.

96. Еркін сауда мен протекционизм теориясы. Мемлекеттің протекционистік саясат жүргізудегі инструменттері.

97. Халықаралық валюталық нарық және оның функциясы. Валюта түрлері. Валютаға сұраныс пен ұсыныс.

98. Макроэкономикалық тұрақтандырудың негізгі бағыттары. Өтпелі кезең аяқталуының көрсеткіштері.

99. Сыртқы сауданың артықшылығы мен кемшілігі. Сыртқы сауда және табысты бөлу.

100. Халық табыстарының қайнар көздері және түрлері. Нақты және тұрақты табыстар.

101. Салық: мәні, функциясы, түрлері. Салық ставкалары. Лаффер қисығы (графикі).

102. Банк секторының экономикадағы рөлі. Банк түрлері. Банктің активті және пассивті операциялары. Банк пайдасы.

103. Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара тәуелділігі. Филлипстің қысқа және ұзақ мерзімдік қисығы (графикі).

104. Ақша жүйесі оның элементтері мен типтері. Ақша жүйесінің заманауи ерекшеліктері.

105. Ұлттық есептеу (санақ) жүйе (ҰЕЖ) және оның өзектілігі. ҰЕЖ көрсеткіштері және олардың өзара тәуелділігі.

106. Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) және жалпы ішкі өнім (ЖІӨ). ЖҰӨ мен ЖІӨ ортақ сыйпатамалары. ЖҰӨ мен ЖІӨ есептеу әдістері мен ережелері.

107. Нақты және тұрақты ЖІӨ. Баға индексі және оның түрлері.

118. Ұлттық байлық және оның құрылымы. Ұлттық байлықтың еселенуіне табиғи ресурстардың үлесі.

109. Жиынтық сұраныс және оның детерминанттары. Жиынтық сұраныстың қисығы (графикі). Жиынтық сұранысқа бағадан тыс ықпал етуші факторлар.

110. Жиынтық ұсыныс және оған ықпал етуші факторлар. Жиынтық ұсыныстың графигі. Жиынтық ұсынысқа бағадан тыс ықпал етуші факторлар.

«В» семестрлік жұмыс тақырыптары.

1. Өтпелі экономика оның Қазақстандағы кейбір ерекшеліктері.
2. Қазақстанда аралас экономиканың қалыптасуы.
3. ҚР-да ГТР-дің жетістіктерін пайдалану.
4. ҚР-дың табиғи ресурстары және оларды тиімді пайдалану жолдары.
5. ҚР-дың инвестициялық ресурстары.
6. ҚР-ғы кәсіпкерліктің жағдайы.
7. ҚР-ғы шағын бизнес: жағдайы мен даму перспективалары.
8. Нарыққа көшу жағдайында ҚР-да мемлекеттік меншікті жекешелендіру.
9. Интеллектуалды меншік және оның ҚР-дың заманауи экономикадағы орны.
10. ҚР-да акционерлік қоғамдардың жұмыс жасау ерекшеліктері.
11. ҚР-дың ақша реформасы.
12. ҚР-да ақша айналысының заманауи мәселелері.
13. ҚР-ғы нарық инфрақұрылымының заманауи жағдайы.
14. ҚР-дың заманауи экономикасындағы мемлекеттің орны.
15. Бәсеке және оның Қазақстан экономикасындағы орны.
16. Қазақстандағы табиғи монополиялар.
17. Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтер.
18. ҚР-да шағын және орта бизнесті қолдаудың қаржы жолдары.
19. Қазақстанның өтпелі кезеңдегі тауар биржасы.
20. ҚР-да заманауи ақпарат нарығының қалыптасуы.
21. ҚР-ғы табыстар оладың ел экономикасына қайта бөлінуі.
22. Еңбек нарығы: Қазақстандағы бүгінгі тенденциялары
23. ҚР-ғы ренталық қатынастардың қазіргі экономикасындағы ерекшеліктері.
24. ҚР банктерінің заманауи кезеңдегі пайыз саясаты.
25. ҚР-да бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы мен одан туындалатын проблемалар.
26. Инвестициялық қорлар және олардың Қазақстандағы қызметі.
27. Экономика дамуының циклдігі және мемлекеттің дағдарысқа қарсы іс-әрекеттері.
28. Қазақстандағы инфляция: нарықтық реформалар кезіндегі ерекшеліктері мен динамикасы.
29. ҚР үкіметінің инфляцияға қарсы іс-әрекеттері.
30. Қазақстандағы жұмыссыздық оның қазіргі тенденциялары.
31. ҚР үкіметінің жұмыспен қамту саясаты.
32. Қазақстан үкіметінің экономиканы реттеудегі рөлі.
33. Қазақстандағы макроэкономикалық реттеу саясатының мақсаты.

34. ҚР-да ұлттық валютаның қалыптасуы мен оны нығайту мәселелері.
35. ҚР Ұлттық Банкінің заманауи ақша-несие саясаты.
36. Қазақстан несие жүйесінің құрылымы.
37. Қазақстанның мемлекеттік бюджеті.
38. ҚР-дың мемлекеттік қарызы және оны жабу, қайтару мәселелері мен көздері.
39. Қазақстанның қазіргі таңдағы салық саясаты.
40. Қазақстандағы агроөнеркәсіптік сектор.
41. Нарыққа көшу кезіндегі ҚР-ғы баға бекіту.
42. ҚР-дың әлеуметтік қорғау жүйесі.
43. ҚР-ғы өмір сүру деңгейі мен сапасы.
44. Қазақстандағы мемлекеттік сектор.
45. Жоспарлау және оның қазіргі таңда Қазақстандағы ерекшеліктері.
46. Экономикалық өсу және оның Қазақстандағы ерекшеліктері.
47. Қазақстандағы көлеңкелі, астыртын экономика.
48. Қазақстанның индустриалды-инновациялық саясаты.
49. Қазақстандағы экономикалық реформалардың мақсаттары, кезеңдері және нәтижелері.
50. Әлемдік экономиканың ғаламдануы: бағыттары және мәселелері.
51. Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін дамыту және оның экспорттық потенциалын күшейту.
52. Қазақстан халықаралық еңбек бөлінісі жүйесінде.
53. Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының қазіргі жағдайы және оны жетілдіру бағыттары.
54. Капиталдың халықаралық көшуі-миграциясы. Қазақстанға шетел инвестициясының құйылуы.
55. Қазақстан мен БДСҰ-ның өзара қатынасы.
56. Қазақстанның интеграциялық процестерге қатысуы.
57. ҚР-ғы меншік қатынастарының түрлері және шаруашылықтың қазіргі таңдағы формалары.
58. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саясаты.
59. Сауда капиталы және оның Қазақстан Республикасындағы қалыптасу ерекшеліктері.
60. ҚР-дағы нарықтық экономика жағдайындағы жалақы.
61. ҚР халқының әртүрлі топтарын жұмыспен қамту мәселелері.
62. Пайда экономикалық категория ретінде. Пайда нормалары.
63. Монополияға қарсы реттеу, оның дамыған мемлекеттердегі ерекшеліктері.
64. Теориялық экономика ғылымының мемлекеттік экономика саясатын қалыптастырудағы орны.
65. Қазақстанның банктік жүйесі.
66. Қазақстан Республикасының инфляцияға қарсы саясаты.

67. Әлеуметтік саясат, оның критерилері және көрсеткіштері, ҚР-ғы ерекшеліктері.

68. Бүгінгі таңдағы дағдарыс жағдайындағы ҚР-дың дағдарысқа қарсы саясаты.

69. Электронды ақшалар және оларды қолдану формалары.

70. Қаржы делдалдары және олардың Қазақстан экономикасындағы рөлі.

71. ҚР-дың қор биржасы.

72. Әлеуметтік қорғау жүйесі: ҚР жағдайындағы генезисі мен эволюциясы.

73. Әлеуметтік бағытталған нарық тұжырымдамасы және оның әртүрлі елдерде қолданылуы.

74. ҚР индустриалды-инновациялық саясатының басты бағыттары.

75. ҚР-дың кластерлік саясаты.

76. ҚР-дың банктік емес қаржы-несие институттары.

77. Кедейлік: өлшеу мәселелері және одан шығу жолдары.

78. ҚР-да еңбек нарығының дамуы.

79. Халықтың өмір деңгейі ҚР мемлекеттінің экономика саясатындағы маңызды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш ретінде.

80. Әлемдік нарықтың ҚР ұлттық экономикасы дамуына әсері.

81. Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері.

82. Қазақстанның 2015 ж.дейінгі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының басым жақтары.

83. Ұлттың санақ жүйесі: түсінігі мен құрылымы және ҚР пайдалануы.

84. ҚР туристік қызметтер нарығы: ерекшеліктері және қалыптасу мәселелері.

85. Макроэкономикалық тұрақсыздық және оның көріну формалары.

86. Салық саясаты ҚР экономикасын мемлекеттік реттеу құралы ретінде.

87. Тұрақтандыру саясаты және оның Қазақстандағы ерекшеліктері.

88. ҚР халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы.

89. ҚР сыртқы экономикалық саясаты.

90. Қазақстанның экономикалық потенциалы.

91. Агроөнеркәсіптік кешен және оның экономикадағы орны.

92. Бірлескен кәсіпорындар және олардың Қазақстанда даму келешегі.

93. Өнім сапасын арттырудың экономикалық мәселелері.

94. ҚР зейнетақы қорлары.

95. Жалға берудің ҚР қазіргі ауыл шаруашылығының орны.

96. Жалған ақша жасау және қазіргі экономикада онымен күресу.

97. Қаржы-өнеркәсіптік топтар және олардың ҚР-да экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі орны.

98. ҚР-да мемлекеттің жұмыспен қамту іс-шаралар бағыттары.

99. ҚР-дың экономикалық қауіпсіздігіндегі мәселелер.

3 №1 семестрлік жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар

«Теориялық экономика және экономикалық практика» пәні бойынша семестрлік жұмыстарға қойылатын басты талаптар:

- жұмыстың өз бетінше, өздігінен шығармашалық (творчестволық) тұрғыдан орындау;

- тақырып сұрақтарын тереңдетіп, ғылыми тұрғыда жазып,баяндау;

- қарастырылып отырған сұрақтардың шетелдік және отандық экономикалық ғалымдар ұстанымдарын мен тәжірибелерін тығыз байланыстыру;

- Қазақстан экономикасындағы талданып отырған экономикалық жағдайлар мен процестердің өтуін және пайдаланудың ерекшеліктерін міндетті түрде зерттеу әрі ой елегінен өткізілуі;

- жұмыс сұрақтарын теориялық орындау кезінде статистикалық және нақты материалдарды пайдалану;

- семестрлік жұмыс қарапайым, жеңіл оқылатындай түсінікті тілде жазылуы және студент экономикалық терминологиялар мен категорияларды меңгергенін және оны еркін талдап бере алатындай дәрежеде болуы;

- жұмыс мәтінін толығымен оқулықтардан, оқу құралдарынан, әдістемелік нұсқаулардан, монографиялардан өзгеріссіз және дайын оқу жұмыстарын ұсынушы интернет сайттарынан тікелей көшіріп алуға болмайды;

- экономика ғылымы дамуының заманауи талаптарына сай келмейтін ескірген ережелер мен бекітулерді, қаулыларды пайдаланудан аулақ болуы;

- тәуелсіздік жылдарындағы статистикалық, теориялық материалдарды қажетінше пайдалануға болады (теориясы тереңдегі сұрақтар мазмұнын ашуда әдебиеттердің шығу жылдарына шек қойылмайды).

Семестрлік жұмыс А4 форматтық ақ парақтың біір жағына жазылады (297 мм x 210 мм). Жұмыстың көлемі 01 баспа парақтан кем болмауы немесе кем дегенде 16 беттен әрі кеткенде 20 парақтан аспауы тиіс. Жұмыстың іші-сырты дербес компьютерлік шрифттермен толтырылады. Семестрлік жұмыстың іші-сыртын толтыру кезінде мына талаптар орындалуы тиіс:

- жұмыс мәтіні Times New Roman шрифтменбасылады;

- текст 1,5 интервал, 14 кегль шрифтпен теріледі.

- жаңа жол: солынан-3,0 см; оңынан -1,5 см; үсті мен асты -2,0 см;

- азатжол -1,25 см;

- мәтіні енінен теңестірілген;

- семестрлік жұмыс беттеріне басынан аяғына дейін араб цифрларымен реттік нөмір қойылуы. Беттерге реттік нөмір төменгі колонтитул ортасына қойылады. Бірінші бет болып титулдық (мұқаба) парақ саналады (ол параққа реттік нөмір қойылмайды). Екінші бет ол жұмыс мазмұны оған да реттік нөмір қойылмайды;

- тараулар атауындағы (атындағы) сөздер: тасымалданылмайды; асты сызылмайды; тарау сөйлемінен (фразасынан) кейін нүкте қойылмайды;

- бөлім мен тарауларға араб цифрлары қойылады. Мысалы, 1. (бірінші бөлім); 1.2. (бірінші бөлім екінші тарау); 1.2.3. (бірінші бөлім екінші тарау үшінші тарауша);

- кестелер азат жолдан кейін беріледі және оларға сілтемелер қажет. Егер сілтемеден кейін кесте сол бетке сыймаған жағдайда келесі бетке тасымалдауға болады;

- текстте келтірілген цитат, кесте, суреттерге сілтеме квадрат тік жақшамен берілуі тиіс. Мысалы, текстте сілтеме [2. 252 б.] деп берілуі тиіс, бұндағы 2 саны әдебиеттер тізіміндегі екінші кітап екендігін білдіреді, ал 252 б. ол сөйлем осы беттен келтірілгенін көрсетеді;

- теориялық сұраққа иллюстрациялық тұрғыдан толықтыру кезінде текстте кесте, формула, сұлба (схемалар) берілуі;

- жұмыс әдеби және ғылыми тілде жазылып редакциялану тиіс;

- өз ойыңды жинақтап, қайталамай еркін жеткізуге ұмтылу;

- жұмысты орындауда теория мен практиканы бір-біріне қайшы қоюдан мұқият болу, яғни бірінші тараудағы теориялық дәлелдерді екінші тарауда нақты материалдармен дәлелдеп жоққа шығарудан абай болу;

- барлық парақтар степлермен бекітілуі тиіс немесе файлда болғаны дұрыс.

Семестрлік жұмыс құрылымың элементтері төменде келтірілген ретпен орналасуы керек:

- *титулдық парақ* (мұқаба немесе сырқы парақ Алматы энергетика және байланыс университетінің қабылдаған типтік формасында толтырылады);

- *мазмұны*, онда жұмыс құрылымы бөлімдерінің аттары мен беттері көрсетіледі: кіріспе, жұмыс (қарастырылатын сұрақтар) жоспары оның тараулары, қорытынды, әдебиеттер тізімі;

- *кіріспе*, онда семестрлік жұмыс тақырыбының өзектілігі беріледі және жұмыстың мақсаты мен міндеті қойылады;

- *жұмыстың негізгі бөлімі*, ол әрі кеткенде 4 сұрақты қамтыса жеткілік ті (әр сұрақ жаңа жолдан басталып жоспардан өзгеріссіз көшіріліп жазылуы тиіс);

- *қорытынды*, онда мүмкіндігінше, түйіні шешілмеген мәселені шешудің негізгі тұжырымдамалары жасалып, ұсыныстар беріледі;

- *әдебиеттер тізімі* (пайдаланылған әдебиеттердің саны кем дегенде 7 болуы тиіс);

- *кіріспе мен қорытындының* әрқайсысы бір-бір парақтан аспауы әрі одан кем болмауы тиіс;

- *кіріспе мен қортынды* жұмыс жоспарында нөмірленбейді (реттік нөмір қойылмайды).

Қолданылған әдебиеттер тізімі Мемлекеттік стандартқа сай толтырылады. Әдебиеттер тізімін жасау реті:

- 1) Нормативті актлер (кодекстер, заңдар, өкімдер, қаулылар және т.б.)
- 2) Кітаптар (оқу құралдары, оқулықтар, монографиялар, ұжымдық еңбектер)
- 3) Мерзімдік басылымдар (газет, журнал мақалалары)
- 4) Электронды алыс-жақын интернет ресурстар.

Төменгі кестеде әдебиеттер қайнар көзін әдебиеттер тізіміне кіргізудің шартты үлгісі берілген.

Нормативті акт	2019 - жылға ҚР салық кодексі. Алматы: Центральный дом бухгалтера, 2019. - 384 б.
Оқулық	Мырзалиев Б.С. Экономиканы мемлекеттік реттеу: Оқулық. - Алматы: Нур-Пресс, 2017. - 310 б.
Оқу құралы	Баймұратов О.Б. Қоғам мен экономика гармониясы: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2019. - 456 б.
Монография	Цветков В.А. Циклы и кризисы: теоретико-методологический аспект. - М.: СПб.: Нестор - История, 2017. - 510 б.
Газет, журналдағы мақала	Акімжанов Т. Сыбайластық - мемлекет экономикасына қауіп көзі ретінде // Фемида. – 2017. - №12. С – 15-22.
Электронды ресурс	Голышко А., Лихачев Н. Проблемы становления цифровой экономики и их возможные решения [Электронный ресурс]. – 2018. - URL: https:// www.eg-online.ru/articel/365284 (дата обращения - 30.09.2019)

Әдебиеттер көзін жазған кезде тыныс белгілерді дұрыс қоюға мән беру керек. Тыныс белгілер мемлекеттік стандарт талабына сай қойылады. Қосымша әдебиеттерді іздеу бойынша өз бетінше жұмысты кітапхананың каталогтары мен анықтамалық библиографиялық басылымдардың көмегімен жүргізуге болады. Мерзімдік басылымдардың материалдарын қисынын келтіріп қайшылықсыз қолдану (экономикалық газет, журналдар, конференция материаладары). Экономикалық сұрақтар бойынша қажетті материалдарды келесі журналдардан табуға болады: Аль-Пари, Қаржы-Қаражат, Банки Казахстана, Саясат, ҚазҰУ Хабаршысы (экономика сериясы), ҰҒА Хабаршысы (экономика сериясы), ҚазЭУ Хабаршысы (экономика сериясы) т.б.

Студент семестрлік жұмысты орындап болған соң, семестрлік жұмыстың соңында өз қолын қояды, орындаған жұмыстың өткізілген күнін көрсетеді, содан кейін жұмысты өткізу графигіне сай оқытушыға тексеруге береді. Егер орындалған жұмыстан елеулі кемшіліктер табылған жағдайда, әрі қанағаттандырарлықсыз бағаға бағаланса немесе «не зачет» қойылса, яғни сынақтан өтпеген жағдайда, студент басқа тақырыпты алып, жұмысты жаңадан бастап жазады немесе кемшіліктерді түбегейлі жояды,

кемшіліктермен жұмыс жасайды. Егер жұмыс сынақтан өтпеді деп бағаланса, оқытушы рецензияда барлық кемшіліктерді тізіп жазып көрсетеді және кемшіліктермен қалай жұмыс жасау жолдарын егжей – тегжейне дейін ауызша СОӨЖ кезінде түсіндіреді. Оқытушының рецензияда жазған кемшіліктерімен жұмыс жасап, кемшіліктерді жойған соң, жаңа жұмысты бұрынғы рецензиямен бірге оқытушының қайта оқуына өткізеді. Ақтық баға жұмысты ауызша қорғағаннан кейін 100 балдық шкала бағамен қойылады. Төменде жұмыс мазмұнының көрнекті үлгісі берілген:

Жоспар

Кіріспе.....
1 Салық: эволюция, анықтамасы мен түрлері.
2 Салық ережелерінің идеологиясы және салық функциялары.
3 Салық жүесі және оны жетілдіру жолдары.
4 Салық экономиканы тежеу және ынталандыру механизмі ретінде.....
Қорытынды
Әдебиеттер тертізімі.....

4 №2 семестрлік жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар

ЕГЖ (РГР) орындау үшін төмендегі әдістемелік көмекке жүгіну керек:

- есептің берілген шартын мұхият оқу;
- тапсырманы орындауға тірек болатын категориялар мен ұғымдардың мәнін, анықтамасын түсініп барып есепті шығаруға кірісу;
- тапсырмадағы шығарылатын есепке қажетті формулаларды оқулықтардағы есепке қатысы бар тақырыптардан алу;
- қажет деп тапқан жағдайда, әрі көзбен көріп, ойменен сараптамалау мақсатында есептің шешімін график, кесте, сұлба (схема) және диаграммада беріп, сипатау;
- график пен диаграмма т.б. Microsoft Excelде сызылады, бұл программа менюдің вставкасында;
- семестрлік жұмыс А4 форматты ақ парақтың бір жағына компьютерлік текстте ұсынылады.

Семестрлік жұмысты орындауда сақталатын талаптар:

- есептің берілген мәтінін толық көшіру;
- есепті шығаруға тірек болатын теорияны қысқаша сипаттап жазу (категорияларға анықтама, график, формула, сұлба (схема), кестелерге түсінік беру).

Есептің шығарылу жолдарын сипаттау:

- формуладағы әріптер мен символдардың мағынасын ашып көрсету және символ нені білдіретінін жазу;

- егер жалпыға ортақ символ басқа әріпке өзгертілсе, онда арнайы қысқартылған түсініктеме сөздік енгізу;

- формуланы сипаттау, әрі әріптедің мәнін беру төменде берілген мысдағы талаптарды қатаң сақтаудан тұрады.

Мысалы,

$$AB = A+B+C,$$

мұндағы B – баға (өнім бағасы, теңге);

A – шикізат шығындары, теңге;

B – жалақы шығындары, теңге;

C – тағы басқа шығындар, теңге.

«Мысалда» көрсетілген формулаға қойылған тыныс белгілерді: үтір, нүкте, тире, жаңа жол, азат жол, қосу, алу, тең, бөлу, пайыз т.б. қатаң сақталынуы тиіс, яғни берілген мысалды үлгі ретінде қабылдау.

График және экономикалық тербелістер, сұлба (схемалар) математикалық координата өсінде беріледі. Координата өсіне латын әріптері қойылады, абсисса және ордината сызығы шкалаларға бөлініп цифрлармен таңбаланады, содан соң график, терберіс немесе сұлба(схема) сызылады. Егер, есеп цифрсыз шығарылатын болса, онда график экономиканың дұрыс бағытта екендігін сипаттайтын көлбеу, қиғаш сызық немесе тербеліс қисығы ретінде бағыты (стелкасы) қойылған координата өсінде беріледі.

5 № 2 семестрлік жұмыс нұсқалары

Нұсқа 1

Есеп1. Белгілі бір адам (субъект) шағын кәсіпорын ашуды жоспарлады. Кәсіпорын ашу әрі оны ұстап тұру шығындарды қажет етеді. Сол шығындарға қажетті қаражаттар төмендегідей: құрал саймандар сатып алуға - 10млн теңге (эксплуатация мерзімі 5 жыл, яғни 5 жылда құрал саймандар тозады), еңбек өнімділігі жылына 100 тауар, жұмысшылар жалақысына – 12 млн теңге, бір жылға шикізатқа жылына – 5 млн теңге. Кәсіпкердің бүгінгі жалақысы 300 мың теңге. Кәсіпкер кәсіпорынды ашу не ашпау туралы екі ойлы. Кәсіпкер құрал саймандар сатып алуға жылына 10% пайда әкелетін өзінің жинаған қорын қолданғысы келеді. Кәсіпкер жыл сайын 5 млн табысты жоспарлап отыр. Есептеу керек:

1) Бір тауар құны қанша болады?

2) Бір жылдық амортизация нормасы қанша ?

3) Кәсіпкердің қолында, өзіне тиесілі нақты қанша ақшасы бар?

4) Кәсіпорынның тұрақты 5 жыл жұмыс істеп тұруына қанша қаржы керек?

5) Кәсіпкер әрбір тауар құнынан 20% түсім алатын болса, ол ақшаға шаққанда қанша?

Есеп 2. Сауда орны бір күнде 1 литрлік пакттегі сүттен 750 және 1 литрлік құтыдағы Сары -ағаш суынан 500 сатылады деп жоспрлады. Сүттің 1 л. бағасы 1,17\$ болған кезде сүт сатудан түскен түсім 520,65\$ болса, сары-ағаштың 1 л. бағасы 0,68\$ болған кездегі түскен түсім 212,16\$ құрады. Сатушы сүт пен сары-ағаш бағасын әдепкі бағадан 53,37 пайызға көтерді. Баға өскеннен кейін сүт сатылымы әдепкі сатылымнан 235 пакетке, ал сары-ағаштың сатылымы 218 құтыға кеміді. Есептеп табу керек:

1) Бірінші жағдайда қанша литр сүт, қанша литр сары-ағаш суы сатылды? Әрқайсысынан сатылмай қалғандары қанша?

2) Баға өскеннен кейін сүттен және сары-ағаштан қаншасы сатылды және қаншасы сатылмады?

3) Баға өсуінен түсімнің кемігенін және артқандығын есептептеңіз;

4) Баға өспей тұрғанда және баға өскеннен кейінгі сұраныс қисығын-графигін сызыңыз.

5) Баға тербелісінен туындалатын икеділік пен икемсіздікті анықтаймыз, әрі сипаттаймыз.

Есеп 3. Қалада етке деген сұраныс төмендегі кестеде берілген:

Баға, 1кг./долл.	Сұраныс мөлшері, көлемі, бір ай/ тонна
3	10 т. Немесе 10мың кг.
4	9 т.
5	8 т.
8	6 т.
10	4т.

Осы қаладағы ет ұсынысының кестесі:

Баға, 1кг./долл.	Ұсыныс мөлшері, көлемі, бір ай/тонна
3	3 т.
4	4 т.
5	5 т.
8	8 т.
10	10 т.

Кестедегі берілгендерді пайдаланып:

1) Етке сұраныс және ұсыныс қисықтарын, графигін сызу.Графиктен тепе-тендік бағаны табыңыз және ол қандай баға?

2) Етке бағаның түсуі сұранысқа қалай әсер етеді?

3) Етке бағаның түсуі ұсынысқа қалай әсер етеді?

4) Етке бағаның өсуі сұранысқа қалай әсер етеді?

5) Етке бағаның өсуі ұсынысқа қалай әсер етеді?

Нұсқа 2

Есеп 1. Гүл базардағы жағдай шартты түрде төмендегідей: сатып алушылар 1 данасы 300 теңге тұратын гүлді айына 5000 түйірін сатып алуға толық мүмкіндігі бар делік, яғни алуға әзір, ал сатушылар болса осы бағада 2000 түйір гүл сатқысы келеді; Егер баға екі есеге өскен жағдайда бұл цифрлар сәйкесінше келесідей 2500 және 4000 түйір: 900 теңге болса 2000 және 7000 түйір: 1200 болса 1000 және 8000 түйір.

Мына тапсырманы орындау:

- 1) Гүлге сұраныс пен ұсыныс қисықтарын (графикін) сызу.
- 2) Сұраныс пен ұсыныс функцияларын анықтау.
- 3) Графиктен тепе-теңдік бағаны табу, анықтау, анализ жасау.
- 4) Бағаның өсуі сұраныс пен ұсынысқа қалай ықпал ететінін сипаттаңыз.

Есеп 2. Тауарға сұраныстың көлемі 2000 дана деп шартты түрде қабылдайық, ал баға икемділік коэффициентінің мәні $E_p = -0,5$ -ке тең. Егер тауар бағасы 2500 теңге болса, онда $Q = ap + b$ сұраныс функциясындағы a және b -лардың мәндері қандай болады әрі қалай өзгереді?

Есеп 3. Кестеде берілген деректерге сүйене отырып, осы тауарлардың бағалы – құнды немесе сапалы – сапасыз екенін бағасы мен сұранысына сараптама жасап анықтаңыз.

Тауарлардың түрлері	Сұраныс көлемі, мың түйір	Табыс, теңге
1	500	150000
	600	160000
2	120	180000
	90	200000
3	450	190000
	350	170000
4	50	160000
	30	180000
5	45	250000
	55	300000

1. Сапасыздарды бір бөлек жіктеу.
2. Құндыларды бір бөлек жіктеу.

Нұсқа 3

Есеп 1. Елдің қымызға деген сұранысы төмендегідей болса және ол икемділік көрсеткіштері арқылы берілсе немесе бейнеленсе:

$E_p = 0,5$ – баға икемділік коэффициенті;

$E_i = 0,3$ – табыс икемділік коэффициенті, осыдан қымыздың бағасы 5 пайызға өсіп, халықтың табысы 10 пайызға өскен жағдайда қымызға сұраныс қалай өзгерер еді, есептеп табыңыз.

Есеп 2. Кестедегі берілгендеді пайдаланып әр жылдың инфляция қарқынын есептеңіз.

Жыл	Бағалар индексі	Инфляция қарқыны, %
1-жыл	100	
2-жыл	120	
3-жыл	140	
4-жыл	152	
5-жыл	161	

Есеп 3. Негізгі қордың құны 100 мың долл. Жұмысшылар саны 6 мың адам. Таза өнім көлемі 1200 мың долл. Анықтау керек:

- 1) Еңбек өнімділігін.
- 2) Қор қайтарымдылығын.
- 3) Қор сыйымдылығын.

Нұсқа 4

Есеп 1. Қандай да бір гипотетикалық елде тек 2 тауар ғана өндіріледі – шаңсорғыш және тоңазытқыш, сонымен қатар осы екі тауарды өндіру үшін елдегі барлық ресурстар толық жұмылдырылған, өндіріс комбинациясының нұсқалары төмендегі кестеде берілген.

Таңдау нұсқалары	Шаңсорғыштар (дана)	Тоңазытқыштар (дана)	Альтернативті шығындар
A	100	0	
B	90	10	
C	75	20	
D	55	30	
E	0	40	

- 1) Өндіріс қисығының мүмкіндігін сызыңыз (графикін).
- 2) Альтернативті шығындарды табыңыз, олардың динамикасы нені көрсетеді?
- 3) Графиктен M және N нүктесін табыңыз (80 шаңсорғыш және 30 тоңазытқыш) және (30 шаңсорғыш және 20 тоңазытқыш). Бұл нүктелер нені білдіреді? Жан-жақты сипаттаңыз.

Есеп 2. Кестеде құрт және сүзбе шығарудың өндіріс мүмкіндігі берілген.

Нұсқалар	Құрт (мың)	Сүзбе (мың)	Альтернативті шығындар
A	0	10	
B	1	9	
C	2	7	

D	3	4	
E	4	0	

1. 3 бірлік (түйір) құрт шығарғандағы альтернативті шығындарды табыңыз?

2. 3 бірлік (түйір) құрт өндірудегі жалпы шығындарды табыңыз?

3. Альтернативті шығындар бағынасын толтырыңыз.

Есеп 3. 18 қалам (=) 54 дәптерге тең болғанда, айырбас құн қалай өзгереді, егер:

1) Қалам құны 2 есе өссе?

2) Дәптер құны 2 есе түссе?

3) Қалам құны 2 есе түссеге, ал дәптер құны 2 есеге өссе ше?

1. Қалам құны 2 есеге өссеге, ал дәптер құны 2 есеге түссе ше?

Айырбас құны деген не? Тауар құны дегеніміз не? Құн және айырбас құнның өзара байланысын сипаттаңыз.

Нұсқа 5

Есеп 1. Жұмысшы 8 сағаттық жұмыс күнінде 8 зат өндіреді, бір және барлық заттар құнының шамасы қалай өзгереді, егер:

1) Еңбек өнімділігі 2 есе өссе?

2) Еңбек өнімділігі 1,3 есе өссе?

3) Еңбек өнімділігі 25 пайызға кемісе?

Есеп 2.

Айналымда:

21500 бірлік қолма-қол темір (теталл) және қағаз ақша бар.

Депозит салымдары – 80000 бірлік.

Чек салымдары – 161500 бірлік.

Майда, ұсақ ағымдағы жедел салымдар – 2382 бірлік.

Ірі, ағымдағы жедел салымдар – 620 бірлік.

1. M1, M2, M3. ақша агрегатын жеке–жеке есептеңіздер.

2. Ұзақ мерзімді инвестиция есептеңіз.

3. Қысқа мерзімді инвестицияны есептеңіз.

Есеп 3. Үш тектес тауар өндіруші фирмалардың 8 сағаттық жұмыс уақытындағы еңбек өнімділігі келесідей:

1) 1- фирма – 8 сағатта – 1 тауар.

2) 2- фирма – 12 сағатта – 1 тауар.

3) 3- фирма – 16 сағатта – 1 тауар.

Бір сағат жұмыс уақыты 2 долларға тең.

1. Әрбір фирма өндірген тауардың құнын табыңыз.

2. Базарда қай фирманың тауары өтімді?

3. Құн, баға, еңбек өнімділігі ұғымдарының өзара тәуелділігін теориямен дәлелдеп есептегі цифрлармен сипаттаңыз.

Нұсқа 6

Есеп 1. Сәуір айының 01-нен 30-на дейін қор биржасында, 100 мың акцияның әр акциясын 100 доллардан сатуға келісім шарт жасалды. Алайда, сәуір айында акция курсы (бағамы) 120 долларға өсті. Сатушы мен сатып алушының қайсысы қанша сомаға ұтып, қайсысы қанша сомаға ұтылғанын есептеңіз. Қор биржасында акция курсының (бағамының) өсуіне жұмыс жасайтын (ойнайтын ойыншы) контрагент қалай аталады? Егер, сәуір айында акция курсы (бағамы) 23,8 пайызға түссе, қор биржасындағы ахуал қалай кімнің мүддесіне шешілетінін есептеп сипаттаңыз.

Есеп 2. Кестеде үш (А.В.С.) тұтынушының балыққа деген дербес сұранысы келтірілген.

P(теңге/кг)	Q _d А (кг/ 1айға)	Q _d В (кг/ 1айға)	Q _d С (кг/ 1айға)
0	6	6	5
1	5	4	4
2	4	3	2
3	3	2	1
4	0	0	0

1. Аталған өнімге дербес және нарықтық сұранысының графигін сызыңыз.
2. Графиктегі сұраныстарға жеке-жеке сипаттама беріңіз.
3. Бағаның сұранысқа ықпалан дәлелдеңіз.

Есеп 3. Сұраныс пен ұсыныс функциясы берілген. $Q_d=40 - 7p$, $Q_s = -6 + 16p$.

1. Тепе-тең бағаны және тепе-тең сату көлемін (мөлшерін) анықтау керек.
2. Егер, тепе-тең баға 4 бірлікте тұрса, сұраныс пен ұсыныс қалай өзгереді?
3. Егер, тепе-тең баға 1 бірлікке кемісе, онда базардағы ахуал қалай өзгереді?

Нұсқа 7

Есеп 1. Тауарға бағаның 200 ден 300 ге дейін өсуінен, сұраныс 10 мыңнан 8 мыңға данаға кеміді.

Анықтау керек:

- 1) Сұраныстың баға икемділік коэффициенті мен типін.
- 2) Баға өсуінен сұраныстың кемімеу икемділік коэффициенті мен типін.
- 3) Баға өсуінен сұраныстың кему икемсіздік коэффициенті мен типін.

Есеп 2. Компанияның құрылтай қоры 300 млн. теңге, акционерлер арасында бөлінетін пайда шамамен 30 млн. теңге. 4 млн акция шығарылды. Банктердің сол тұстағы банктік пайызы 12.

- 1) Акцияның номиналды құнын анықтаңыз.
- 2) Төленетін дивиденттің мөлшері қанша?
- 3) Акция бағамының шамасы қандай?
- 4) Акцияның 80 пайызын сатқанда құрылтайшылардың пайдасы қандай болады?

Есеп 3. Кәсіпорындағы негізгі қордың құны 10 млн жұмысшылар саны 60 мың, таза өнім көлемі 12 млн теңге. Анықтау керек:

- 1) Еңбек өнімділігінің деңгейін.
- 2) Қор қайтарымдылығын – Ққ.
- 3) Қор сыйымдылығын – Қс.

Нұсқа 8

Есеп 1. Фирма жетілген бәсекелі базарда бағасы 10 доллар тұратын тауарды өндіріп әрі сатып тұр. Фирма 5, 10,20,50,100 өнім өндіріп сататын болса ?

1. Фирманың шекті табысы қаншаға тең болады?
2. Фирманың қандай жағдайда өнімін 8, 7, 6 доллардан сатуға мүмкіндігі болады?

Есеп 2. Фирма әр станоктың құны 10 мың доллар тұратын 200 станок қолданады. Станоктың жұмыс жасау мерзімі (срок службы) 10 жыл.

1. Қолданылатын және пайдаланылатын капиталды табыңыз?
2. Бір станоктың жылдық, айлық, апталық, күндік және сағаттық амортизациясын есептеңіз және ол не үшін қажет екенін сыйпаттаңыз?

Есеп 3. Автоматтандырылған линияның бастапқы құны 20 млн теңге, линияның жоспардағы жұмыс жасау мерзімі (срок службы) 8 жыл, осы 8 жыл ішінде линияны капиталды жөндеуіне 5 млн 800 мың теңге жұмсады, 400 мың теңге демонтажға кетті, линияның қалдық құны 200 мың теңге.

1. Тікелей амортизациялық әдісті пайдаланып линияның жылдық амортизация сомасын есептеңіз.
2. Амортизация нормасын есептеп табыңыз ол қаншаға тең.
3. Амортизация ұғымына сипаттама беріңіз.

Нұсқа 9

Есеп 1. Өндіріс кәсіпорнындағы негізгі өндіріс қорының жылдық орташа құны 40 тан 45 млн-ға өсті, осы аралықта өнім шығару 42 ден 50 млн-ға өсті.

1. Өзгерістен кейін қор қайтарымдылығы қалай өзгергенін есептеңіз?

2. Өзгеріске дейінгі қор сыйымдылығын анықтаңыз.

Есеп 2. Кәсіпкер 400 мың долларға 100 станок сатып алды, орташа жұмыс жасау мерзімі (срок службы) 12 жыл. 5 жылдан осындай станоктардың құны 21 пайызға арзандады.

1. Станоктың физикалық тозуын есептеп табыңыз.
2. Станоктың эксплуатациясы 7 жылға кірген кездегі қалдық құнын моралды тозуын ескеріп есептеңіз.

Есеп 3. Студент каникул кезінде еңбек етіп 500 долл. табуына немесе сол ақшаға тіл меңгеру курсына баруына болады. Студент ағылшын тілін оқу курсына баруды таңдады және оның шығындарын есептеді, жасады.

1. Оқуға төлеу – 200 долл.
2. Оқулықтар сатып алу – 30 долл.
3. Жол, көлік шығыны – 40 долл.
4. Ішіп – жеу шығыны – 230 долл.

Курсты бітірген студент, курс оқуына кеткен шығындардың орнын жаба алмады немесе 500\$ тұратын сертификатын кәдесіне жарата алмады

1. Альтернативті шығын қаншаға тең.
2. Орны толмас шығындарды есептеңіз.

Нұсқа 10

Есеп 1. Осы формула $TC=3Q+100$ жалпы шығындар мен өндіріс көлемінің арасындағы тәуелділік көрсетеді. Берілген формуланы пайдаланып өнім көлемінің әр түрлі деңгейдегі жалпы тұрақты, орташа айнымалы және шекті шығындарын табыңыз.

Есеп 2. Кестеде берілгендерді қолданып график сызыңыз. Еңбектің орташа өнімі мен шекті өнімнің қиылысу нүктесін графиктен анықтаңыз. Барлық уақыт аралығындағы капитал шығыны 10 дана.

L	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
APL	8	15	18	18	17	16	14	12	10	8
MPL	8	18	28	18	13	11	2	0	- 6	- 10

Есеп 3. Өндіріс процесінде бір ғана фактор – еңбек айнымалы, қолданыстағы капитал саны тұрақты деп қабылдаймыз. Кестеде берілген мәліметтерді қолданып, еңбектің орташа және шекті өнімділіктерін анықтаңыз және осы көрсеткіштердің графигін сызыңыз.

Жұмысшылар саны		7	12	17	22	27	32	37	42	47
Өнім өндіру көлемі, дана	7	27	57	77	92	105	109	109	105	97

Нұсқа 11

Есеп 1. Зерттеп отырылған кәсіпорында жұмысшылар санына қатыссыз еңбек өнімділігі 7 дана (түйір) деп қарастырайық, онда:

- 1) Бірінші жұмысшы еңбегінің шекті өнімі қанша?
- 2) Он екінші жұмысшының шекті өнімі қанша?
- 3) Егер, кәсіпорын 50 адамды қосымша жұмысқа қабылдаса, өндіріс көлемі қандай шамаға өзгереді?

Есеп 2. Кәсіпкер қолданыстағы капиталын 125-ден 150-ге, еңбек күшін 350-ден 425-ке дейін өсірді делік, нәтижесінде өнім шығару 175-тен 190-ға дейін өсті. Аталған кәсіпорында өндіріс ауқымының өсу тиімділігі қандай болады? Кәсіпкер өндіріс қуатын өндірісті кеңейту жолымен арттырғаны қаншалықты тиімді және тиімсіз? Өндіріс ауқымының ұлғайуы туралы және оның типтерін сипаттаңыз.

Есеп 3. Өндіріс процесіне жұмылдырылған капитал мен еңбек (жұмыс күші) тұрақты. 5 сағаттық жұмыс күшінің еңбегі, 1сағаттық машина уақытына тең.

Өнім шығару көлемі, дана	Жұмыс (еңбек) күші, сағат	Капитал, машина - сағат
12	6	1
33	12	2
64	17	3
75	22	4
86	27	5

Кестеде берілген мәліметтерге жүгініп, изоквантаны тұрғызыңыз және өндіріс ауқымы өсуінің тиімділігі мен кемшілігін анықтаңыз. Изокванта ұғымын сипаттаңыз.

Нұсқа 12

Есеп 1.«Құрылыс» деген кәсіпорын силикат кірпішін өндірумен айналысады. Өндіріске қажетті шикізатты 10 шақырым қашықтықтан тасымалдайды. Кенеттен бензин бағасы 3 есеге өсіп кетті. Бензин айнымалы шығындардың 50 пайызын құраса, айнымалы шығындар мөлшері қанша есеге өзгереді? Бензиннің бір литр бағасы бір доллардан 0,27 пайызға арзандаған жағдайда айнымалы шығындар қалай өзгередінін есептеңіз.

Есеп 2. Орташа айнымалы шығындар мына $AVC=2Q+6$ формуламен берілген. Өнім өндіру көлемі 50-ге тең болғанда жалпы шығындардың мөлшері қандай болады, егер тұрақты шығындар 300-ге тең болса? Өнім өндіру көлемі 37 болғандағы айнымалы шығындарды анықтаңыз.

Есеп 3. Кәсіпорын күніне 73 дана өнім өндіреді, оның 27 данасын қосымша уақытта өндіріп тұр. Күнделікті материалды шығындарға 200 долл. жұмсалады. Еңбекақы қоры күніне 30 долларлық тарифтен тұрады және осыған қосымша уақытқа төленетін үстеме 20 долл. күнделікті қосылады.

1. Орташа жалпы шығындарды анықтаңыз.
2. Негізгі және қосымша өнім өндірудегі орташа жалпы шығындарды есептеп анализ жасаңыз.

Нұсқа 13

Есеп 1. Кестеде тоңазытқыш өндірісінің шекті шығындары берілген:

Тоңазытқыштар саны	1	2	3	4	5
Шекті шығындар, долл.	212	183	167	159	138

1. 3 (үш) тоңазытқыш өндірудің жалпы шығындарын анықтаңыз.
2. 1 тоңазытқыштың орташа жалпы шығындарын анықтаңыз.
3. Егер тұрақты шығындардың мөлшері 10 мың долларға тең болса, онда 5 тоңазытқыш шығарудың жалпы айнымалы шығындары неге тең?

Есеп 2. Төмендегі кестені толтырыңыз:

Өнім өндіру көлемі (Q)	ТС	МС	АС
15	–	белгісіз	47
20	–	25	–
25	750	–	–
35	–	35	–
55	–	–	42

1. Әр бағынаға анализ жазыңыз.
2. Әр қатарға анализ жазыңыз.

Есеп 3. Айына 2000 пар аяқ киім тігіп шығаратын «Кебіс» шағын кәсіпорынының тұрақты шығыны жылына 10 мың долларға тең.

1. 2 пар аяқ киім шығарғандағы айнымалы шығындар 30 доллар болғандағы жалпы (ТС) және орташа жалпы шығындардың мөлшерін анықтаңыз.

2. Егер тұрақты шығынның жылдық амортизациясы 17,3 пайыз болса онда өнім құнына қанша доллардан кіретінін есептеп табыңыз.

Нұсқа 14

Есеп 1. Төмендегі кестені толтырыңыз:

Q	ТС	FC	VC	AFC	AVC	MC
0	25					
2	60					

5	120					
7	174					

Есеп 2. Бәсекелес кәсіпорынның тұрақты шығындары 75 мың долл. Жалпы айнымалы шығындардың өндіріс көлеміне қатысты бір жылдағы өзгерісі кестеде берілген.

Q, мың дана	1	2	3	4	5	6
TVC, мың долл.	45	73	98	139	192	287

Қысқа мерзімді кезеңде өнім бірлігі бағасының деңгейлері 30, 38, 42, 49, 58, 95 болғанда, фирма ұсынысын анықтаңыз. Баға тербелісінен туындалатын шығын мен пайданың өзгерісін көрсетіңіз. Кәсіпорынның ұсыныс қисығын салыңыз.

Есеп 3. Бәсекелес кәсіпорынның өнім көлемі мен жалпы шығындарының арасындағы тәуелділік төмендегі көрсеткіштермен сипатталады деп қабылдайық:

Q	0	1	2	3	4	5
TC, долл.	13	15	19	25	37	45

Салада тектес 980 кәсіпорын жұмыс істейді және өнімге деген сұраныс келесідей:

P, долл.	3	5	8	10
Q_d	3500	2300	1200	950

1 Өнімнің тепе-теңдік бағасы неге тең? (Бағалар 3, 5, 8, 9 долларға тең деп қабылдаймыз)

2 Әр кәсіпорынның өнім көлемі қанша?

3 Ұзақ мерзімді кезеңде кәсіпорын сол салада қала ма әлде шығып кете ме? Есептеп дәлелдеңіз.

Нұсқа 15

Есеп 1. Төмендегі кестеде монополистің тауарына деген сұраныстың өзгеруін сипаттайтын мәліметтер берілген.

Q	P	TR	MR
1	25		
2	22		
3	12		
4	9		
5	7		

6	6		
7	5		

Мұндағы Q – сұраныс мөлшері (көлемі мың дана);

P – тауар бірлігінің бағасы.

Кестедегі берілген көрсеткіштерді пайдалана отырып:

- 1) Монополистің жалпы түсімі (TR) есептеп кестені толтырыңыз.
- 2) Сол секілді шекті түсім (MR) есептеп кестені толтырыңыз.
- 3) Жалпы және шекті түсім қисықтарын тұрғызыңыз.

Есеп 2. Сусын өндіруші монополист сусынның 1 литрлік құтысын 1 доллардан сатады. Сусынның сұраныс икемділігі – 5 ке тең. Фирма өз пайдасын мейлінше көбейтуді көздейді деп, MR шекті түсімінің және шекті шығын көлемдерін анықтаңыз.

Есеп 3. Монополистің шекті шығындары тұрақты және ол 0,2 долларға тең, ал сұраныс көлемі мен баға арасындағы байланыс кестеде берілген.

Баға, долл.	Сұраныс көлемі	Жалпы түсім	Шекті түсім
102	0		
89	1		
76	2		
69	3		
58	4		
47	5		
38	6		
27	7		
18	8		
0	9		

Берілген кестеден мыналарды анықтаңыз:

- 1) Монополистің жалпы және шекті түсімін.
- 2) Монополистің пайданы барынша деңгейге жеткізетін өнім өндіру көлемін.
- 3) Монополиялық бағаны.
- 4) Бәсекелестік нарықта тепе-теңдік баға мен тепе-теңдік өнім көлемі қандай болуы мүмкін есептеп көрсетіңіз.

Нұсқа 16

Есеп 1. Бізге мына макроэкономикалық көрсеткіштер берілген: дара салықтар – 45; таза жеке ішкі инвестиция – 85; корпорацияның бөлініске түспеген пайдасы – 11; трансферттік төлемдер – 15; экспорт – 32; пайыздық төлемдер – 37; жанама салықтар – 15; корпорация пайдасы – 39; дивиденттер – 13; мемлекеттік бағалы қағаздардан пайыздар – 25; импорт – 42; меншіктен

табыс – 89; жалақы – 505; арендалық төлемдер – 21; тұтынылған капиталдың құны – 35; әлеуметтік сақтандыру салымдары – 23; жеке тұтыну шығындары – 550.

1. ЖҰӨ (кіріс және шығыс әдісін пайдаланып) есептеп табыңыз.
2. ЖІӨ, ТҰӨ, ҰТ, жалпы инвестицияны есептеп табыңыз..

Есеп 2. «А» тұтынушының табысы айына 600- ден 700 долларға дейін өсті, бұл табыс айлық (месяц) сұраныстың өсуіне әкелді.

А тауарына 8-ден 12 бірлікке дейін.

В тауарына 48-ден 52 бірлікке дейін.

С тауарына 195-тен 290 бірлікке дейін.

1. Табыс бойынша сұраныс икемділігінің коэффициентін есептеңіз.
2. Бұл қандай игіліктер тобына жататынын анықтаңыз.

Есеп 3. Макроэкономикада келесі көрсеткіштер берілген: қызметтер мен тауарларды мемлекеттік сатып алу – 95; әлеуметтік сақтандыру салымдары – 19; корпорацияның бөлінбеген пайдасы – 9; пайыздық төлемдер – 39; импорт – 35; корпорация пайдасы – 45; жеке тұтыну шығындары – 610; бизнеске салынатын жанама салықтар – 21; жалпы инвестициялар – 90; арендалық төлем – 16; тұтынылған капиталдың құны – 25; трансферттік төлемдер – 27; мемлекеттікбағалы қағаздардан пайыздар – 19; дивиденттер – 25; жалақы – 585; экспорт – 41.

ЖІӨ, ЖҰӨ, ЖТ (жеке табыс) ҰТ, ТҰТ, корпорация пайдасына салықты, дара салықтарды, өндіріс факторларынан таза табыстарды анықтаңыз.

Нұсқа 17

Есеп 1. Төменде экономиканың келесі көрсеткіштері берілген:

- 1) Тұтыну шығындары (С) = 5800.
- 2) Мемлекеттің қарызы бойынша пайыздарды төлеу (N) = 375
- 3) Мемлекеттік шығындар (G) = 1850
- 4) Мемлекеттік трансферттер (TR) = 250
- 5) Инвестициялар (I) = 1650
- 6) Салықтар (T) = 2200
- 7) Сатылған бағалы қағаздар (B) 490
- 8) Қосымша ақша эмиссиясы (M) 210

Есептеңіз:

- 1) Мемлекеттік жинақтарды.
- 2) Жеке жинақтарды.
- 3) Мемлекеттік бюджет тапшылығын жабу мақсатындағы қаржыларды.

Нұсқа 18

Есеп 1. Кестеде берілген мәліметтер бойынша мыналарды есептеңіз:

- 1) Табыстар бойынша ІҰӨ көлемін.

- 2) Шығындар бойынша ІҰӨ көлемін.
- 3) ТҰӨ көлемін.
- 4) ҰТ.

	Есепшоттар	Млн долл.
1	Халыққа төленетін трансферттер	35
2	Тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу	110
3	Несиенің пайызы	18
4	Жалақы	385
5	Жанама салықтар, кәсіпкерлерге міндеттелген трансферттік төлемдер	52
6	Корпорация пайдасына салынатын салық	67
7	Жалға алынатын мүліктің иелеріне төленетін ренталық төлемдер	48
8	Жалпы жеке инвестициялар	82
9	Тауарлар мен қызметтердің таза экспорты	23
10	Таза жеке инвестициялар	72
11	Меншік иелерінен түсетін табыс	45
12	Тұтыну шығындары	425
13	Мемлекеттік кәсіпорындарға субсидиялар	6
14	Корпорация пайдасы	250

Есеп 2. Жалақы 12 пайызға, тұтыну тауарларына баға 8 пайызға өскенін ескеріп, тұрақты табысты анықтаңыз. Депозиттегі пайыз ставкасы 7,8 жағдайында үкімет біркелкі - біріңғай инфляцияны енгіссе депозиттегі 150 мың долл. қаншаға өсіп немесе кемігенін есептеңіз.

Есеп 3. Берілген мәліметтерді пайдаланып:
 Жұмыспен қамтылғандар саны 17 млн адам.
 Жұмыссыздар саны 1210 мың адам.
 Жұмыссыздық көлемін анықтаңыз.

17 млн жұмыспен қамтылғандардың 2,86 пайызы еңбек кодексін бұзғандықтан жұмыстан шығарылды. Ресми тіркелген 917 мың жұмыссыздар жұмыс іздеуді мүлдем тоқтатты.

1. Жұмыспен қамтылғандардың санын.
2. Жұмыссыздар санын.
3. Жұмыссыздық көлемін анықтаңыз.

Нұсқа 19

Есеп 1. Ұлттық экономикада «А» және «В» (екі) тауар ғана өндіріледі. Тұтынушылар табысының жартысын А тауарын екінші жартысын В тауарын алуға жұмсайды. Бір жыл ішінде баға А тауарына 8,2 пайызға төмендесе,

керісінше В тауарына баға 13,7 пайызға өсті. Өткен жылғы баға индексі 100 тең қарастырамыз. Берілген көрсеткіштерді пайдаланып «А» және «В» тұтыну тауарларының баға индексін есептеп табыңыз.

Есеп 2. Коммерциялық банктің резерві 300 млн доллар және халықтың коммерциялық банктегі депозитінде 750 млн доллар сомасында ақшасы бар. Банктің депозиттегі ақшаға резерв нормасы 25% . Егер банк өзінің барлық артық резервтегі ақшасын несиеге шығаратын болса, ақша ұсынысы қалай өзгертінін есептеңіз.

Есеп 3. Кестеде берілген мәліметтерді қолданып: М1; М2; М3 ақша агрегатына ажыратып есептеңіз.

	Млн долл.
Шағын жедел салымдар	1350
Чексіз жинақ салымдар	320
Қолма-қол ақшалар	250
Ірі жедел салымдар	496
Чексіз салымдар	450

Нұсқа 20

Есеп 1. Кесте ұяшығындағы цифрларды пайдаланып, бос ұяшықтарды толтырыңыз және олады қалай тапқаныңызды негіздеңіз.

Шығарылған өнім	AFC	VC	AC	MC	TC
0					
10			140		
25					
35				120	420
45		600			
50	220		150		

Есеп 2. Капитал қайтарымдылығы 20 жылға есептелген жер теліміне (участогына) 100 мың доллар салды. Осы телімнен төленетін рента 25 мың. долл. Егер банктен алынған қарыздың жылдық пайыз нормасы 5 ке тең болатын болса (банктің жылдық пайыз ставкасы 5%), арендалық төлем сомасының қанша екенін анықтаңыз.

Есеп 3. Жер көлемі бірдей 2 жер телімі берілген және оны меңгеруге әрқайсысына 1000 доллардан қаржы құйылған. Астық өнімділігі гектарынан сәкесінше 20 және 30 ц. Егер, әрбір жер телімінен төленетін абсолюттік рента 500 доллар және орташа пайда нормасы 20%, ал қарыз нормасы 10% десек онда әрбір жер телімінің бағасы қанша болады есептеп шығарыңыз.

Нұсқа 21

Есеп 1. Жерге сұраныс мына теңдеумен өрнектеледі $Q = 100 - 2R$, бұндағы: Q – жер ауданы (көлемі); R – арендалық төлем (млн. долл.). Егер $Q = 90$ га, ал банк ставкасының ($N\%$) жылдық пайызы 120% ке тең болса, онда 1 га жердің бағасы қанша болады соны есептеп табыңыз.

Есеп 2. Қазақстанда цифрлық теледидарға сұраныс пен ұсыныс динамикасы келесідей:

Баға (долл.)	Сұраныс көлемі (млн дана)	Ұсыныс көлемі (млн дана)
400	10	2
800	6	4
1000	4	6
2000	0,5	10

Ресейде цифрлық теледидарға сұраныс пен ұсыныс динамикасы келесідей:

Баға (долл.)	Сұраныс көлемі (млн дана)	Ұсыныс көлемі (млн дана)
400	4	2
800	3,2	5,6
1000	2	3,6
2000	2,6	6

1. Екі ел арасында еркін сауда орнаған делік, сонда цифрлық теледидарға тепе-теңдік қандай болады?
2. Қай мемлекетке цифрлық теледидарды экспорттаған тиімді?
3. Экспорт көлемі қанша болады?
4. Егер, Қазақстан жағы әрбір цифрлық теледидарға 25 долл. импорттық кеден баж салығын салса, экспорт пен импорт көлемі қалай өзгереді?

Есеп 3. Салық мөлшерлемесіне (ставкасына) сай табысы: 5000 доллардан 1000 доллар; 10000-нан 2000; 15000-нан 3000 доллар салық төлейді.

1. Әрбір салық төлеуші үшін орташа салық мөлшерлемесі қаншаға тең?
2. Есепте берілген салық, салық салудың қай түріне жатады: прогрессивті, пропорционалды, регрессивті. Есептеп дәлелдеңіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абуева Г.А. Государственные регулирования занятости населения Казахстана. //Транзитная экономика.-2010.- №3.
- 2 Адилдаев О.С. Конкурентоспособность на рынке нефтепродуктов в условиях глобализации //Транзитная экономика.-2010.- №1
- 3 Айдынов З.П. Экономика негіздері. Оқу құралы.- Алматы, 2014.
- 4 Айдарханов М., Ғабдулина Л. Макроэкономика. Оқу құралы. – Алматы, 2013.
- 5 Алшынбай Айнұр. Нарық және баға белгілеу. Оқу құралы.- Алматы, 2008.
- 6 Альжанова Н.Ш., Сабитулы А. Инновационная активность, как движущий фактор предпринимательской деятельности Казахстана //Вестник КазНУ. Серия экономическая.-2013.- №6 (100).
- 7 Андрушин С, Кузнецов В. Монетарные инструменты регулирования притока иностранного капитала //Вопросы экономики.-2013.- №6.
- 8 Әкімбеков С., Баймұхамбетова А.С., Жанайдаров У.А. Экономикалық теория: Оқу құралы. – Астана, 2002.
- 9 Байгелова А.Н. Повышение конкурентоспособности человеческого капитала в РК в условиях инновационной экономики //Транзитная экономика.- 2014.- №2.
- 10 Бузгалин А.В., Колганов А.И. Трудовая теория стоимости: проблемы адекватной трактовки и реактуализации //Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика.- 2010.- №1.
- 11 Бурлачков В. Финансовый кризис: реалии и теория //Экономист.- 2012.- №11.
- 12 Бобок В. Национальные налоговые системы стран ЕС //Экономист. 2014, №11.
- 13 Борсукова С. Теневая экономика: специфика фаз в условиях раздатка //Мировая экономика и международные отношения.- 2013.- №12.
- 14 Бұғыбаева Р.О., Жаңағұлов А.Ш. және т.б. Макроэкономика: Барлық мамандыққа арналған оқу – тәжірибе құралы. – Қарағанды, 2002.
- 15 Вечканов Г. Вопрос о собственности: приватизация и ее последствия //Экономист.- 2012.- №7.
- 16 Гусейнов Д.А. Долларизация национальной экономики и функции денег //Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика.- 2010.- №5.
- 17 Гогохия Д. Деньги и рынок //Вопросы экономики.- 2012.- №12.
- 18 Дадашев А. Налоговый фактор финансово – экономической безопасности государства //Экономист.- 2012.- №8.
- 19 Данилин В., Данилина Е. Концептуальные вопросы воспроизводства оборотного капитала //Экономист.- 2012.- №8.
- 20 Дарманов И. Инновационные стратегии европейских энергетических компаний //Мировая экономика и международные отношения.- 2014.-№6.

- 21 Дышаева Л. О роли государства в хозяйственной жизни общества //Экономист.- 2012.- №10.
- 22 Еспаев С.С. Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс: себептері, ерекшеліктері және жаңа архитектоника.- Алматы: ИЭ КН МОН РК, 2013.
- 23 Жатқанбаев Е.Б. Экономикалық теория: Оқу құралы. – Алматы, 2014.
- 24 Жазылбеков Л.И. Дүниежүзілік валюта-қаржы жүйесінің дамуындағы ҚР мемлекеттік саясатының рөлі //Транзитная экономика.- 2014.- №3.
- 25 Жиентаев С.М. Продовольственная безопасность Казахстана в современной экономике //Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика.- 2010.- №1.
- 26 Жұмабаев К.С. Еңбек рыногы экономикасы: Оқу құралы. – Алматы, 2003.
- 27 Жұмурова Д.С. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы: теориясы және олардың ерекшеліктері //Транзитная экономика.- 2014.- №3.
- 28 Зиманов А. Атомная энергетика ЕС: экономика против экологии. //Мировая экономика и международные отношения.- 2014.- №4.
- 29 Зимаков А. Атомная энергетика ЕС: экономика против экологии //МЭМО.- 2014.- №9.
- 30 Кавешников Н. Возобновляемая энергетика в ЕС: смена приоритетов. //Мировая экономика и международные отношения.-2014.- №12.
- 31 Капелюшников Р. Производительность и оплата труда: немного простой арифметики //Вопросы экономики.- 2014.- №3.
- 32 Каренов Р. Становление государственно – частного партнерства в Казахстане //Экономист.- 2012.- №4.
- 33 Кондратьев Н. Единый рынок ЕС: теория и практика. //Мировая экономика и международные отношения.- 2014.- №3.
- 34 Кудрин А., Гурвич Е. Старение население и угроза бюджетного кризиса.- 2012.- №2.
- 35 Купешов С.Т. Инновациялық менеджмент. Оқулық .- Алматы, 2011.
- 36 Көшенов Б.А. Бағалы қағаздар нарығы және биржа ісі. Оқу құралы.- Алматы, 2007.
- 37 Кулаков М.В. Государство как субъект экономического развития //Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика.- 2010.- №6.
- 38 Кренгауз И.А. Вступление Казахстана в ВТО проблемы и перспективы //Транзитная экономика.- 2013.- №2.
- 39 Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы.- Алматы, 2014.
- 40 Кысыков А. О преодолении дотационности региональных бюджетов (на примере Казахстана) //Экономист.- 2012.- №7.
- 41 Қазақстан экономикасының өркендеуі және экономика ғылымының үлесі. Алматы, ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2013.
- 42 Қалыптасқан мемлекеттің жаңа экономикалық бағыты: ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан –

2050» Стратегиясы жолдауын жүзеге асыру жолдары мен ұсыныстары. Алматы: ҚР ҒБМ ҒК Экономика институты, 2013.

43 Мұханбетова И. Ұлттық есеп жүйесі. Оқу құралы. – Алматы, 2003.

44 Маевский В., Малков С. Перспективы макроэкономической теории воспроизводства //Вопросы экономики.- 2014.- №4.

45 Нарматов С.Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Оқу құралы. – Алматы, 2009.

46 Ниязбекова Р.Қ., Рахметов., Байнеева П.Т. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы.- Алматы, 2008.

47 Орешин В. Развитие инфраструктуры и модернизация //Экономист.- 2012.- №12.

48 Олевский Г. Знаниеемкое предпринимательство в экономике Европейского союза //Мировая экономика и международные отношения.- 2014.- №6.

49 Өтешева А.Қ Шағын кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттары мен даму көрсеткіштері //Вестник КазНУ. Серия экономическая.- 1013.- №6.

50 Погасов И. Источники финансирования модернизации экономики //Экономист.- 2012.- №12.

51 Пороховский А. Политическая экономия – основа и стержень экономической теории //Экономист.- 2012.- №1.

52 Ракочевич С., Драгашевич З. Дилемма олигополистов: конкуренция или сговор? //Экономист.- 2012.- №8.

53 Ржаницына Л. Социальная сфера: бесплатность становится исключением //Экономист.- 2018.- №6.

54 Розинский А. Иностраные банки: к вопросу о роли в «миграции» кризисных импульсов //Российский экономический журнал.- 2009.- №6.

55 Сэбден О. Бәсекелік экономика: Оқу құралы. – Алматы, 2007.

56 Савичева Е.Ю. Социальная ответственность предприятий малого бизнеса //Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика.- 2010.- №5.

57. Сайфиева С., Ермилина Д. Финансовые источники воспроизводства основного капитала //Экономист.- 2018.- №11.

58 Сейіткасымов Ғ.С. Ақша, несие, банктер: Оқулық.- Алматы, 2005.

59 Сидакова С.С. Знания в современной парадигме инновации. //Вестник Московского университета Серия 6. Экономика.- 2010.- №4.

60 Смирнова Т.К. Критерии достойного труда для работников интеллектуальной деятельности //Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика.-2010.- №3.

61 Сторчевой М. Теория фирмы, управление цепочками поставок и маркетинг взаимоотношений //Вопросы экономики.- 2014.- №1.

62 Таңсықбаева Г.Ө. Өмір сүру деңгейін реттеуде мемлекеттің рөлі //Транзитная экономика.- 2011.- №5-6.

- 63 Түсіпбеков Т., Теңізбаева Г. Кәсіпорын экономикасы. Оқу құралы. – Астана, 2010.
- 64 Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқу құралы. – Алматы, 2008.
- 65 Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу. Оқулық.- Алматы, 2006.
- 66 Ходжаниязова Ж. Нарықтық экономика негіздері. Оқулық. – Астана, 2010.
- 67 Хохлова М., Хохлов И. Мировые тенденции в развитии образования //Мировая экономика и международные отношения.- 2014.- №6.
- 68 Чебриков Г. Финансовые циклы: теория и практика //Экономист.- 2014.- №4.
- 69 Черковец В. Образовательная сфера: взаимодействие с материальным производством в инновационном развитии экономики //Российский экономический журнал.- 2009.- №9-10.
- 70 Черковец В. Категория «человеческий капитал» в общей экономической теории: исторический взгляд и содержательное определение //Российский экономический журнал.- 2009.- №7-8.
- 71 Шеденов Ө.Қ., Байжомартов Ұ.С. және т.б. Жалпы экономикалық теория: Оқулық. – Алматы: Ақтөбе, 2004.
- 72 Қазақстанда адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Алматы, 2011. (брошюра)
- 73 Экономикалық орысша-қазақша сөздік - Алматы: Дайк-Пресс, 2008
- 74 Экономикалық дағдарысты мемлекеттік реттеудің тәжірибелік және әдістемелік мәселелері //Қоғам және дәуір.- 2010.- №2.
- 75 Темірбекова А.Б. Экономиканы мемлекеттік реттеу: Оқу құралы. – Алматы, 2015.
- 76 Джанабергенова Ш.Ш. Қазақстан экономикасының нақты секторына инвестицияны тарту механизмі мен мемлекеттік инвестициялық реттеу//ҚазҰҰ хабаршысы. Экономика сериясы. - 2012.- №1.
- 77 Нұрсейтова Г.Б., Оспанбаев Ж.А. Постиндустриалдық ақпараттық қоғамдағы адам факторының рөлі//ҚазҰҰ хабаршысы. Экономика сериясы.- 2012.- №1.
- 78 Мусина Қ.Р., Ибраимова А. Қазақстандағы әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру бағыттары. //ҚазҰҰ хабаршысы. Экономика сериясы. - 2012.- №1.
- 80 ҚР салық кодексі. – Алматы, 2018.
- 81 ҚР бюджет кодексі. – Алматы, 2018.
- 82 Джакишева У.К. Проблемы и перспективы развития интеллектуальной собственности в Республике Казахстан //Вестник КазНУ. Сер. Экономическая. –2015. – №6.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Тақырыпты таңдау және семестрлік жұмысты өткізу графигі.....	4
2 №1 семестрлік жұмысты орындауға арналған реферат тақырыптары...	5
3 №1 семестрлік жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар...	11
4 №2 семестрлік жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар...	15
5 № 2 семестрлік жұмыс нұсқалары.....	16
Әдебиеттер тізімі.....	32

НҰРПЕЙІС Еділ Мейірханұлы

ТЕОРИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

Пәнінен семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік
нұсқау

Редактор Ж.Н. Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Ж.Н.Изтелеуова

Басуға _____ қол қойылды
Таралымы 100 дана.
Көлемі 2,06 есептік-баспа парақ

Пішімі 60x84 1/16
Баспаханалық қағаз №1
Тапсырыс _____ Бағасы 1030 тг

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірме-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126